

Ақын, жыршы, термешілердің Республикалық Одағына аударым жасау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 қазан 1992 ж. N 869. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 810 қаулысымен

Әуесқой ақын, жыршы, термешілерді әлеуметтік қорғау және ақын, жыршы, термешілердің Республикалық Одағының, материалдық базасын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ақындар айтысын, жыршы мен термешілердің концертін өткізетін кәсіпорындар, қоғамдар мен мекемелер айтыс пен концерт үшін өздеріне түскен сомадан немесе шарт бойынша алынған сомадан ақын, жыршы, термешілердің Республикалық Одағына 2 процент мөлшерінде аударым жасайтын болып белгіленсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі